

Шыңғырлау ауданы Алмаз ауылдық округінің Алмаз ауылы аумағында карантин белгілеу туралы

Күші жойған

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Алмаз ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 11 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 14 желтоқсанда № 5435 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Алмаз ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 8 ақпандағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Алмаз ауылдық округі әкімінің 08.02.2019 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңдарына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Шыңғырлау аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспекторының міндетін атқарушысының 2018 жылғы 25 қазандағы №01-18/769 ұсынысы негізінде, Алмаз ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шыңғырлау ауданы Алмаз ауылдық округінің Алмаз ауылы аумағында мүйізді ірі қара мал арасында қарасан ауруының пайда болуына байланысты карантин белгіленсін.

2. Алмаз ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (А.Б.Баракбаева) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алмаз ауылдық округінің әкімі

Г.Каирғалиев